

Мұнай-газ өнеркәсібі кәсіпорындарының үзіліссіз жұмыс істеуі үшін қаржылық жағдайлар жасау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 26 ақпандағы N 46

Мұнай-газ кешендері объектілерін жекешелендіру мәселелерін қарай отырып, мұнай-газ саласындағы төлем жасамау дағдарыстарын жою, мұнай-газ өнеркәсібі кәсіпорындарының үзіліссіз жұмыс істеуі үшін қаржылық жағдайлар жасау мақсатында :

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мұнай-газ кешендері объектілерін сенімді басқару құқығына және мемлекеттік акциялар пакетін алуға дайындау кезінде басқаруға және сатуға беруге жасалған контрактіде жаңа басқарушылар мен меншік иелерінің мұнай-газ өнеркәсібі кәсіпорындарының 1996-1997 жылдары Қазақстанның Халық Банкімен жасасқан несиелік шарттары бойынша міндеттемелерді орындауын көздесін.

Премьер-Министр